

ISSN 2617-6379

Индексі 10532

Индекс 10532

**«ҚӘӘИ Хабаршысы» журналы**  
**Журнал «Вестник ВИСВ»**  
**The Proceeding «Bulletin MILF»**

**№ 4(48)/2021**

Қазан-Желтоқсан

Октябрь-Декабрь

Oktober-December

2010 жылдан бастап жарияланады

Издается с 2010 года

Founded in 2010

Жылына 4 рет шығарылады

Выпускается 4 раза в год

Published 4 times per year

Алматы, 2021

Алмата, 2021

Almaty, 2021

*Бас редактор*  
**Д.Т. Адырбеков**

*Редакция алқасы*

<b>А.Б. Тасболатов</b>	тарих ғыл. д-ры, ҚР Қорғаныс министрлігі (Қазақстан);
<b>С.С.Тауланов</b>	пед. ғыл. д-ры, мамандандырылған «Арыстан» лицейінің басшысы (Қазақстан);
<b>Г.Ф. Дубовцев</b>	әскери ғыл. канд., ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (Қазақстан);
<b>А.Н. Рыспаев</b>	PhD, акад. ҚР Қорғаныс министрлігінің әскери білім және ғылым департаменті (Қазақстан);
<b>Н.С. Ибраев</b>	PhD, ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университеті (Қазақстан);
<b>Ж.К. Куптикбаев</b>	PhD, С. Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері Әскери институты (Қазақстан);
<b>Ш.К. Кадыркулов</b>	PhD, Әскери ғыл. канд., С. Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері Әскери институты (Қазақстан);
<b>Ж.Н. Бисенбаева</b>	PhD, С. Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері Әскери институты (Қазақстан);
<b>Т.М. Алпысбаев</b>	әлеуметтану ғыл. канд., С. Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері Әскери институты (Қазақстан);
<b>Е.С. Темірбеков</b>	тех. ғыл. канд, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ(Қазақстан);
<b>Ж.Р. Дилбарханова</b>	PhD, Есболатов атындағы ПМ Академиясы. (Қазақстан);
<b>А.К. Махадиева</b>	PhD, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Қазақстан);
<b>Б.К. Кенжеалиев</b>	тех.ғыл. д-ры, Металлургия және кен байыту институты (Қазақстан);
<b>Т.К. Мадымаров</b>	әскери ғыл. канд., К. Усенбеков атындағы Құрлық әскерлері Әскери институты (Қырғызстан);
<b>Ким Кю Чол</b>	PhD, Ханкук университеті, (Оңтүстік Корея);
<b>Г. Шахин</b>	PhD, Ұлттық қорғаныс университеті. Ататүрік атындағы стратегиялық зерттеулер институты.(Түркия);
<b>В.П. Иванов</b>	пед. ғыл. д-ры, РФ Қорғаныс министрлігі әскери университеті (Ресей).

*Редакцияның мекен-жайы:* 050053,Қазақстан, Алматы қ., Красногорская к-сі, 4.  
Тел: 290-13-20; факс: 290-17-48. <http://jornal-visv.kz/>

*Жауапты редактор*  
Нурмухаметова К.Ш.

*Техникалық редактор*  
Бүркітбай Ә.Д.

*Главный редактор*  
**Адырбеков Д.Т.**

*Редакционная коллегия*

<b>А.Б. Тасболатов</b>	д-р ист. наук, Министерство обороны РК (Казахстан);
<b>С.С.Тауланов</b>	д-р пед. наук, начальник специализированного лицея «Арыстан»; (Казахстан);
<b>Г.Ф. Дубовцев</b>	канд. воен. наук, Институт стратегических исследований при Президенте РК (Казахстан);
<b>А.Н. Рыспаев</b>	PhD, Департамент военного образования и науки Министерства обороны РК (Казахстан);
<b>Н.С. Ибраев</b>	PhD, Национальный университет обороны имени Первого Президента РК – Елбасы (Казахстан);
<b>Ж.К. Куптикбаев</b>	PhD, Военный институт Сухопутных войск имени С. Нурмагамбетова (Казахстан);
<b>Ш.К. Кадыркулов</b>	PhD, Военный институт Сухопутных войск имени С. Нурмагамбетова (Казахстан);
<b>Ж.Н. Бисенбаева</b>	PhD, Военный институт Сухопутных войск имени С. Нурмагамбетова (Казахстан);
<b>Т.М. Алпысбаев</b>	канд. соц. наук, Военный институт Сухопутных войск имени С. Нурмагамбетова (Казахстан);
<b>Е.С. Темірбекова</b>	д-р техн.наук, им.Әл-Фараби КазНУ(Казахстан);
<b>Ж.Р. Дилбарханова</b>	PhD, им.Есболатова Академия МВД (Казахстан);
<b>А.К. Махадиева</b>	PhD, Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева (Казахстан);
<b>Б.К. Кенжеалиев</b>	д-р техн. наук, Институт металлургии и обогащения (Казахстан);
<b>Т.К. Мадымаров</b>	канд. воен наук, Военный институт Вооруженных сил имени К. Усенбекова (Кыргызстан);
<b>Ким Кю Чол</b>	PhD, университет Ханкук (Южная Корея);
<b>Г. Шахин</b>	PhD, Ұлттық қорғаныс университеті. Ататүрік атындағы стратегиялық зерттеулер институты. (Түркия);
<b>В.П. Иванов</b>	д-р пед.наук, Военный университет Министерства обороны (Россия).

*Адрес редакции:* 050053, Казахстан, г. Алматы., ул. Красногорская, 4.  
Тел: 290-13-20; факс: 290-17-48. <http://jornal-visv.kz/>

*Ответственный редактор*  
**К.Ш. Нурмухаметова**  
*Технический редактор*  
**А.Д. Буркитбай**

*Main Editor*  
**Adyrbekov D.T.**

*Editorial board*

<b>A.B. Tasbulatov</b>	Doctor of historical sciences, Ministry of Defence (Kazakhstan);
<b>S.S. Taulanov</b>	Doctor of pedagogical sciences, Chief of specialized lyceum «Arystan» (Kazakhstan);
<b>G.F. Dubovcev</b>	Candidate of military sciences, Kazakhstan Institute of Strategic Studies under President of Kazakhstan (Kazakhstan);
<b>A.N. Ryspayev</b>	PhD, National Defense university named after the First President of the Republic of Kazakhstan – Elbasy (Kazakhstan);
<b>N.S. Ibrayev</b>	PhD, National Defense university named after the First President of the Republic of Kazakhstan – Elbasy (Kazakhstan);
<b>Zh.K. Kuptikbayev</b>	PhD, National Defense university named after the First President of the Republic of Kazakhstan – Elbasy (Kazakhstan);
<b>S.K. Kadirkulov</b>	PhD, Military institute of Land Forces named after Sagadat Nurmagambetov (Kazakhstan);
<b>Zh.N. Bissenbayeva</b>	PhD, Military institute of Land Forces named after Sagadat Nurmagambetov (Kazakhstan);
<b>T.M. Alpysbayev</b>	Candidate of sociological sciences, Military institute of Land Forces named after Sagadat Nurmagambetov (Kazakhstan);
<b>Y. C. Temirbekov</b>	Doctor of technical sciences;
<b>Zh. Dilbarkhanova</b>	PhD, Police Academy of Ministry of Internal Affairs named after M. Esbolatov (Kazakhstan);
<b>A.K. Makhadiyeva</b>	PhD, Eurasian national university named after L.N. Gumilyov (Kazakhstan);
<b>B.K. Kenzhealiyev</b>	Doctor of technical sciences, Institute of Metallurgy and Ore Beneficiation (Kazakhstan);
<b>T.K. Madymarov</b>	Candidate of military sciences, K. Usenbekov Military institute of Land Forces (Kyrgyzstan);
<b>Kim Kyu Chol</b>	PhD, Hankook University (South Korea);
<b>G. Shakhin</b>	PhD, National Defense university, Institute of Strategic Studies named after Ataturk (Turkey);
<b>V.P. Ivanov</b>	Doctor of pedagogical sciences, Military University of Ministry of Defense of the Russian Federation (Russia).

*Editorial office address:* 050053, Kazakhstan, Almaty., ул. Krasnogorskaya, 4.  
Tel: 290-13-20; fax: 290-17-48. <http://journal-visv.kz/>

*Responsible editor*  
K.Sh. Nurmukhametova

*Technical editor*  
A.D. Burkitbay

## МАЗМҰНЫ

### АЛҒЫСӨЗ

Құттықтау сөз.....	9
--------------------	---

### ӘСКЕРИ ТАРИХ БЕТТЕРІ

<i>Тасболатов А.Б.</i> – Қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күрескен Алаш Орда жасағы.....	10
<i>Халидолда Ж., Байсықов С.</i> Алтын Орда – Қазақ мемлекетінің алтын бесігі.....	17

### ӘСКЕРИ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ

<i>Дубовцев Г.Ф.</i> – Қазақстандық әскери ғылымның қалыптасуы және мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі оның рөлі.....	25
<i>Хайров Е.У., Мырзабекова М.М.</i> – Әскери жоғарғы оқу орны курсанттарының кәсіби дайындығын шешуде рационализаторлық жұмыстың мүмкіндіктері.....	36

### ҚАРУ-ЖАРАҚ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ТЕХНИКА

<i>Адылханов Х.С., Зарубин И.В.</i> – Қаладағы соғыс қимылдарына әсер ететін жағдайларға кейбір көзқарастар.....	43
<i>Мадымаров Т.К.</i> – Заманауи жағдайда қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі Қырғыз Республикасы Қарулы Күштерінің рөлі мен міндеттері.....	50
<i>Байтилесов А.С.</i> – Нысананы ату сапасына кері әсер ететін кейбір факторлар және оларды жою тәсілдері.....	59
<i>Чернов В.Н., Ермаганбетов С.Д.</i> – Қару-жарақ пен әскери техниканың жауынгерлік әзірлігін арттыру тәсілдері ретінде заманауи диагностикалық әдістерді қолдану.....	66
<i>Орқушаев Е.М.</i> – ХХІ ғасырдағы Сирия, Ливия, Таулы Қарабақтағы соғыстарда ұшқышсыз ұшу аппараттарының жауынгерлік қолданылуын талдау.....	76

### ӘСКЕРИ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ

<i>Таджиев Р. Н.</i> – Жастарды патриоттық тәрбиелеу жүйесіндегі дене шынықтыру мен спорттың маңызы.....	83
<i>Хайитов Т.С.</i> – Студенттердің спорттық дайындығын басқару мәселелері.....	88
АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР.....	93

## СОДЕРЖАНИЕ

### ПРЕДИСЛОВИЕ

Поздравительное слово.....	9
----------------------------	---

### СТРАНИЦЫ ВОЕННОЙ ИСТОРИИ

<i>Тасболатов А.Б.</i> – Борьба войска Алаш Ординцев за независимость Казахстана.....	10
<i>Халидолда Ж., Байсыков С.</i> – Золотая Орда - золотая колыбель казахской государственности.....	17

### ВОЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ И НАУКА

<i>Дубовцев Г.Ф.</i> – Становление казахстанской военной науки и ее роль в обеспечении военной безопасности государства.....	25
<i>Хайров Е.У., Мырзабекова М.М.</i> – Әскери жоғарғы оқу орны курсанттарының кәсіби дайындығын шешуде рационализаторлық жұмыстың мүмкіндіктері.....	36

### ВООРУЖЕНИЕ И ВОЕННАЯ ТЕХНИКА

<i>Адылханов Х.С., Зарубин И.В.</i> – Некоторые взгляды на условия, оказывающие влияние на ведение боевых действий в городе.....	43
<i>Мадымаров Т.К.</i> – Роль и задачи Вооруженных Сил Кыргызской Республики в обеспечении безопасности в современных условиях.....	50
<i>Байтилесов А.С.</i> – Преимущества и перспективы использования универсального прицельного станка «ПС-19У» для различных видов стрелкового оружия и «СВГ-20» станок для выверки ручного противотанкового гранатомета.....	59
<i>Чернов В.Н., Ермаганбетов С.Д.</i> – Применение современных методов диагностирования, как способ повышения боевой готовности ВВТ.....	66
<i>Оркуштаев Е.М.</i> – Анализ боевого применения беспилотных летательных аппаратов в войнах XXI века в Сирии, Ливии, Нагорном Карабахе.....	76

### ВОИНСКОЕ ОБУЧЕНИЕ И ВОСПИТАНИЕ

<i>Таджиев Р.Н.</i> – Роль физической культуры и спорта в системе патриотического воспитания молодежи.....	83
<i>Хайитов Т.С.</i> – Вопросы управления по спортивной подготовленностью студентов.....	88
СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ.....	93

# CONTENT

## PREFACE

Congratulatory remark.....	9
----------------------------	---

## PAGES OF MILITARY HISTORY

<i>Tasbulatov A.B.</i> – The struggle of the Alash Orda troops for the independence of Kazakhstan.....	10
<i>Khaliolda J., Baisykov S.</i> – The Altyn Orda witnessed the foundation of Kazakhstan.....	17

## MILITARY EDUCATION AND SCIENCE

<i>Dubovcev G.F.</i> – The formation of Kazakhstan’s military science and its role in ensuring the military security of the state.....	25
<i>Khayrov E.U., Myrzabekova M.M.</i> – Innovative work and its place in the professional training of uni-versity cadets.....	36

## WEAPONS AND MILITARY EQUIPMENT

<i>Adylkhanov A.S., Zarubin I.V.</i> – Some views on the conditions affecting the conduct of hostilities in the city.....	43
<i>Madumarov T.K.</i> – The role and tasks of the Armed Forces of the Kyrgyz Republic in ensuring security in modern conditions.....	50
<i>Baitilesov M.N.</i> – Perspectives of using universal Preshooting Station ‘PS-19U’ for any types weapons and ‘SVG-20’ and station for normal shooting antitank throw grenade.....	59
<i>Chernov V.N., Ermaganbetov S.D.</i> – Application of modern diagnostic techniques as a means of improving the operational readiness of weapons and military equipment.....	66
<i>Orkushpaev E.M.</i> – Analysis of the combat use of unmanned aerial vehicles in the XXI century worst in Syria, Libya, Nagorno-Karabakh.....	76

## MILITARY TRAINING AND EDUCATION

<i>Tadzhiev R.N.</i> – The role of physical culture and sports in the system of patriotic education of youth.....	83
<i>Khayitov T.S.</i> – Issues of student sports readiness management.....	88
INFORMATION ABOUT AUTHORS INFORMATION ABOUT AUTHORS.....	93



### *Құттықтау сөз!*

1991 жылы 16-желтоқсанда Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі «Тәуелсіздік пен мемлекеттің егемендігі туралы» заңы қабылданған болатын.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні — ата-бабамыздың асыл арманы орындалып өз алдына егеменді ел болған күні.

Халқымыздың көптен күтіп қол жеткізген тәуелсіздігі - еліміздің еңсесін көтеріп, елдігімізді нығайта түсті. Қазақстан Орталық Азия елдерінің ішінде көш бастап тұрған, табысқа жетуде өзіндік тәжірибесі бар саяси тұрақты мемлекетке айналды.

Қазіргі таңда мемлекетіміз дүние жүзі елдерінің басым бөлігімен достық және ынтымақтастық қарым-қатынастар орнатып, халықаралық ұйымдардың қызметіне араласып, лайықты құрметпен беделге ие болды.

Бүгінгі күні барша жұртты тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойымен құттықтаймыз! Жаратқан болашақ ұрпағымызға бақытты да мәңгі бейбіт өмір сүруін жазсын!

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін, аумақтық тұтастығын сақтауда өз міндеттерін абыроймен атқарған жауынгерлер еліміздің сенімді тірегі. Халқымыздың бейбіт және тыныш өмір сүруін қорғауға дайын Қазақстанның Қарулы Күштерінің әскери қуаты мен әлеуеті арта берсін демекпін!

*генерал-майор  
Адырбеков Дулат Темірғалиұлы*





ҒТАХР

03.20

А. Б. Тасболатов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>*Тұңғыш Президент Елбасы атындағы ұлттық қорғаныс университеті Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан*

*(E-mail: Ilmira283@mail.ru)*

### **Қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күрескен - Алаш Орда жасағы**

Бұл мақалада автор Алашорда әскерін – Қазақ ұлттық қарулы күштерінің негізі ретінде анықтайды. Алашорда зияткерлерінің қазақтардың ұлттық санасын нығайтудағы көзқарастарына талдау жасалған. Тәуелсіз мемлекеттің ісінде қорғаныстың, қарулы әскердің қажеттігін көре білгендігіне тоқталады. Алаш автономиясының қарулы құралымдарды құруға негіз болған себептерін, жоспарларын, әскери әлеуетін зерттеуге арналған.

Қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күрескен Алашорда зияткерлерінің тәуелсіз ұлт әскерін құрудағы мәселелері мен мүмкіндіктерін қарастырған. Алашорда - жалпы ұлттық қозғалысының мемлекетті қайта жаңғыртудағы идеяларының тарихи-әлеуметтік мәні мен маңызы философиялық тұрғыдан байыпталады.

*Кілт сөздер:* Алашорда, әскер, жалпы ұлттық қозғалыс, тәуелсіздік, қарулы құралым.

#### *Кіріспе*

Қазақ ұлттық қарулы күштерінің құрылуы Алашорда үкіметімен және «Алаш» автономиясын жариялаумен тікелей байланысты. 1918 – 1920 жылдары большевиктермен күреске қатысқан Алаш құралымдары тек коммунистік идеология құлағаннан кейін ғана алғаш рет ғылыми тұрғыдан назар аударылған тақырып болды. Алаш қозғалысының тарихы отандық ғалымдар: К. Нұрпейісовтің, М.Қойгелдиевтің, Т.Жұртбайдың, Д. Қыдырәлінің, С. Аққұлдың, Г. Әнестің, Д.Қамзабекұлының, Б.Әбдіғалиұлының және басқалардың еңбектерінде жазылған.

Тарихта «азаматтық» деп танылған соғыста қазақтардың «ақ гвардияшылар» жағында соғысуы осы проблематикаға арналған ғылыми зерттеулерде әлі де тиісті және толық түрде көрініс тапқан жоқ. Жалпы, Қазақстан аумағындағы 1918 – 1920 жылдардағы азаматтық соғыс тарихы әлі де толық зерттелмеген, ашылмаған «ақтаңдары» көп.

Осы бағыттағы анағұрлым қызықты жұмыстар арасында Алаш бөлімдерінің әрекетін егжей-тегжейлі ашып көрсеткен Ресей зерттеушісі Д.А. Аманжолованың жұмысын атап өту керек. Осы еңбекте қазақ құралымдарының большевизімге қарсы лагерь қарулы күштерінің құрамында Қызыл Армияға қарсы шайқастарға қатысу дәрежесі мен ауқымы ашылған.

Өкінішке орай, Алаш полктері, бригадалары құралымдарының, ерікті жасақтардың тарихы, қазақтарды ұлттық армияға жұмылдыру мәселелері бүгінгі күнге дейін толық зерттелмеген. Азаматтық соғыс аренасында қазақ ұлттық армиясының пайда болу алғышарттары ашылмаған. Көп жағдайда



оның негізгі себебі дерек көздердің жеткіліксіздігі немесе оның болмауы болып табылады.

Әскери тарихшылардың негізгі міндеті зерттеушілерге азаматтық соғыс (1918 – 1920 жж.) тарихында бар оқиғаларды толықтыруға мүмкіндік беру, қазақтардың большевиктермен күреске қатысуын көрсету, негізгі қатысушылардың және «Алаш полктері» жеке құрамының аттарын қалпына келтіру болып табылады.

### *Зерттеу әдістері*

Зерттеу барысында Алашорданың әскери жасағынына құндылықтық тұрғыдан баға беріліп, тарихи-әлеуметтік тұрғыдан талдауға қадам жасалынды. Гуманитарлық ғылым саласында кеңінен қолданылатын жүйелі, пәнаралық, тарихи және логикалық бірлік қағидасы қолданылады.

### *Негізгі бөлім*

Орынбор қаласында өткен Бірінші жалпықазақтар съезінде (1917 жылғы 21 – 26 шілде) қаулы қабылданды. Ол қаулыда «халықтық милицияны» ұйымдастыру жоспарланған. 1917 жылғы 21 қарашада жарияланған 10 тармақтан тұратын «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасында 6-тармағы армияны құруға арналған. Онда: «Халықты қорғау үшін қазіргіден өзгеше құрылған армия болуға тиіс. Камелеттік жасқа толған жастар жергілікті жерде оқытылып, қызметтен өтеді: әскери бөлімдер бойынша бөлу рулық, туыстық қатынас негізінде жүргізіледі. Қазақтар атты милиция түріндегі қызметтен өтуде» делінген [1].

Алашорда үкіметі бірінші кезекте милиция нысанында қарулы жасақтар құруды жоспарлады. Қарулы құралымдарды құруға негіз болған негізгі себептер съезд хаттамасында бекітілген – «мемлекет өте ауыр жағдайды бастан кешуде: жаппай құлдырау мен анархияның көрінісі ретінде барлық жерде адам өлімі мен тонау болуда, қазақ-қырғыз облыстарында да анархияның болуы жоққа шығарылмайды, қазіргі қиын уақытта қазақ-қырғыздар айналадағы анархияға жайдан-жай қарай алмайды, олар далалық облыстарда болған жағдайда мүлдем қорғансыз қазақ-қырғыз халқын жойып жіберуі мүмкін, сондықтан қазақ-қырғыз халқын қалыптасып жатқан анархиядан құтқару үшін ұлттық милицияны ұйымдастыру қажет болып отыр, съезд қаулы етеді: ұлттық милицияны құруға дереу кірісілсін» [2].

Съезде милиция жасақтарын құру қағидалары, жоспарлары, есептері мен тәртіптемесі де қабылданды. Милиционер болып қызмет атқаруға жарамды 30 – 35 жасқа дейінгі ер адамдар ерікті түрде жалданумен қабылдануға тиіс. Барлық милиционерлер жалақыны «ұлттық қордан» алуға тиіс.

Белгілі бір жалдамалылар санын қабылдау мүмкін болмаған жерде жеребе қолдану жоспарланған. Бұл ретте жеребе бойынша милиционерге қабылданған адам өзінің орнына 20 – 35 жастағы басқа адамды жалдай алатын. Жеребе бір отбасының бірнеше адамына түскен жағдайда тек отбасының бір



мүшесі ғана қызметке қабылданған. Сонымен қатар, отбасы және басқа да жағдайлар бойынша жеңілдіктер беру де көзделген.

Съезде сонымен қатар жұмылдыру жоспары да бекітілді. Оған сәйкес облыстар бойынша 13 500 милиционерді қызметке шақыру жоспарланды: Бөкей Ордасы – 1000, Орал – 2000, Торғай – 3000, Ақмола – 4000, Семей – 1500, Жетісу – 2000. Әрбір облыс бойынша белгіленген милиционерлер санын уездер бойынша бөлу облыстық ұйымдарға, ал болыстар мен ауылдар бойынша уездік ұйымдарға берілді.

Бұл жерде сол уақытта «милиция» деп басқа қызмет түсінілді, ол полиция қызметі дегеннен мүлдем басқаша. «Милиция» деген ұғымның өзі латынның «militia» деген сөзінен шыққан, ол ең басында жаяу әскер-сарбаздың қызметін білдіретін [3].

Милицияның тұрақты әскерден басты айырмашылығы оның әскери бағыныштылық негізінде емес, ерікті түрде жасақталуында.

Жұмылдыру бойынша жалпы талаптар Алашорда Батыс бөлімшесінің 1919 жылғы 11 маусымдағы № 138 бұйрығында «Алашорда бөлімшесіне жігіттер мен аттарды жұмылдыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы үлгілік нұсқаулықта» көрсетілген болатын. Бұйрық негізінде мынадай негіздер бойынша жігіттер мен аттарды жұмылдыру жарияланған:

1) әрбір уезд бойынша жұмылдыру мерзімі Алашорданың ерекше бұйрығымен жарияланады, әрбір елу үйден бір жігіттен және бір аттан тартылады;

2) жұмылдыруға жататын жігіттер қабылдау пунктіне толық киім-кешегімен, ал аттар толық жабдығымен келуге тиіс;

3) тартылатын жігіттердің жасы 19 – 25 жасты қоса алғандағы жаста болуға тиіс;

4) қабылданатын жігіттер комиссияның қатаң медициналық тексеруінен өтуге тиіс. Комиссияның құрамы комиссия төрағасынан, тиісті уездік жер басқармасы мүшесінен, медициналық дәрігерден, бір офицерден және тиісті болыстық жер басқармасының және ауылдық қоғамның өкілінен тұрады;

5) қабылдау комиссиясы лауазымды адамдар мен ауыл ақсақалдары арқылы қабылданатын жігіттің сенімділігі мен адалдығын анықтауға тиіс;

6) сотпен айыбы анықталған және тергеуде жүрген жігіттер қабылдана алмайды;

7) қылмыс жасағаны үшін немесе оны ұйымдастыруға қатысқаны үшін, мақсаты қолданыстағы құрылымды немесе қырғыз үкіметін бұзу болып табылатын жігіттер қатаң жауаптылыққа тартылады, қызмет атқару кезінде олардың әрекетімен үкіметке және қоғамдық ұйымдарға келтірілген залал үшін ол қабылданған қоғам жауап береді;

8) қызметке жігіттер жасақтаудан тыс та ерікті тәртіппен қабылданады. Қызметке кіретін жігіт болыстық жер басқармасынан немесе ауылдық қоғамнан сенімділігі мен адалдығы туралы куәлікті ұсынуға міндетті. Ерікті жігіт дәлелсіз себеппен қызмет мерзімі аяқталғаннан бұрын қызметтен босатылмаған;



9) қызметке кірген жігіттердің қызмет ету мерзімі оған кірген күннен бастап 1,5 жыл болып саналған, аяқталған соң атымен және киім-кешегімен үйге қайтқан;

10) қызмет өткеру кезінде жігіттер ай сайын 50 рубль жалақы алған, олардың аттарын күтіп-ұстау Алашорда қаражатынан жүргізілген;

11) жігіт қабылданған ауылдық қоғам бір жұп етік, ауыстыратын бір жаңа ішкіім, бешпент пен қорғаныш түсті шалбар, түйе жүнінен шекпен, қоңыр түсті шапка (қызыл бөрік), қой терісінен қысқа тон немесе қысқа тон беруге міндетті;

12) ат жабдығы ертоқымнан, үш терліктен, үш айылдан, көрпешеден, ноқтадан, жүгеннен, шідерден, қыннан, шылбырдан және қамшыдан тұрады;

13) жұмылдырылатын аттар төрт жастан сегіз жасқа дейін, мүмкіндігінше азбан ат болуға тиіс.

Бұл ретте жұмылдырудан мыналар босатылады:

а) бір үйдің жалғыз баласы;

б) отбасының жалғыз асыраушысы;

в) егер әкесі 50 жастан асқан, ал қалған інілері 15 жастан аспаған болса;

г) егер бір отбасында әскерге шақыру жасындағы бірнеше ағайынды болса, онда тек біреуін жұмылдыруға тартылады;

д) қоғамға, сол сияқты жұмылдыруға тартылған жігітке бөгде адамды жалдау құқығы беріледі;

е) Оқушылар мен жоғарғы оқу орындарында оқитындар.

«Қазақ» газетінде М. Дулатов Торғай облысы бойынша жұмылдыру тәртібін жариялады [4].

Ресейде басталған оқиғалар, саяси дағдарыстың және азамат соғысының басталуы Алашорданың алдына жаңа міндеттер қойды.

1918 жылғы 3 сәуірдегі Ұлттық істер жөніндегі халық комиссары И.Сталиннің билікті Федеративтік Кеңес Республикасы деп тану туралы ұсынысына Алашорда көшбасшылары 1917 жылғы 5 – 13 желтоқсанда Орынбор қаласында өткен 2-ші Жалпы қазақтар съезінің шешімдеріне сәйкес өз талаптарын ұсынды.

1918 жылы 21 сәуірде Х. Ғаббасов Кеңес халық комиссары В.И. Лениннің және халық комиссары И.В. Сталиннің атына қайта жедел хат жолдайды, онда «қырғыз облыстарының автономиясы мәселесі қырғыз халқының өмірінің немесе жойылып кету қаупі қаралады. Екінші сәуірде тікелей желі арқылы Сталиннің берген пікірі қырғыз халқының көңілін біраз тыныштандырған сияқты болды. Бірақ жергілікті кеңес депутаттары тарапынан халықтың жеке құқықтарына қол сұғу тоқталмай отыр. Қырғыз ұйымдарын қуғындау, олардың мүшелерін тұтқындау ұлттық қайшылықты одан сайын тереңдете түсуде. Пісіп жетіліп тұрған қақтығыс пен толқудың алдын алу үшін осы өршуді уақтылы басып, дереу ұйымдастыру жұмыстарына кірісу керек. Бүкіл қырғыз халық кеңесі қырғыз халқының мойымас ерік-жігерін орындай отырып, автономия идеяларын барынша тез іске асыруға барлық шараларды қабылдауды өз борышы деп санайды, тез арада жауап күтеді.



Алайда большевиктердің талапты ішінара орындағаны белгілі. Сонымен қатар, жергілікті жерде билікті басып алған большевиктер алғашқы күннен бастап «қызыл диктатураны» орнатып, жазалау саясаты әдістерін қолдана бастады. 1918 жылғы наурыздың басында Жетісуда казактарды жақтаушылар ретінде Жайнақов, Сабатаев және Әлжанов тұтқындалды.

Семейді қоса алғанда, барлық өңірде тұтқындау басталды. Әрине, басталған террорлық әрекет Алашорда үкіметінің өз мүдделерін қорғауға ұмтылуына себеп болды. 1918 жылдың басында большевиктер үкіметін мойындаған қазақ зиялыларының көбі оппозицияға өтуге мәжбүр болды. Бұндай жағдайда «Алаш» ұлттық автономиясы және ақтар армиясының қолдауымен өзінің қарулы күштері балама болды.

Өз қарулы күштерін құрудың маңызды болуына байланысты 1918 жылғы 11 маусымда Алашорда үкіметінің қаулысымен Әскери министрлік құрылды. Осы министрліктің функциялары Әскери кеңеске жүктелді, оған Алашорданың облыстық және уездік бөлімдері жанынан облыстық және уездік әскери кеңестерді ашу құқығы берілді.

Әскери мәселе бойынша қазақ ұлттық армиясын құру ұсынылды. Сібір үкіметі, егер осы армия соғыс уақыты кезінде Сібір үкіметінің армиясы қатарында оған бағынысты болады деген шартпен көмектесетін, қару-жарақпен, азық-түлікпен, әскери нұсқаушылармен қамтамасыз ететін болды.

Алашорда көшбасшылары сол кезеңде 40 мың жауынгерді жұмылдыра алатынына сенімді болды.

Қазақ полктерін құрудағы елеулі мәселе қазақтар қатарынан кіші командалық құрам ретінде нұсқаушы-унтер-офицерлерді дайындау және оқу-жаттығу командаларын ашу болды. Бұл кезде Тоқтамышовтың және орыс офицерлерінің басқаруымен Алаш қаласында прапорщиктерді дайындайтын «әскери медресе» деп аталатын әскери мектеп жұмыс істейтін. Сауатты және орыс тілін меңгерген қазақтар қатарынан 27 қазақ-прапорщик (вахмистр) даярланды. Алашорданың басқа жобаларына да тоқталып өткен жөн болар. Алашорда басшылығы одақтастар іздеуде Башқұрт автономиясымен тығыз ынтымақтастық орнатты, олардың әскери бөлім құру тәжірибесін зерделеді. Екі автономияның көшбасшылары бір-бірімен кеңесіп, бір-бірін қолдап отырды.

Әртүрлі дереккөздерде А. Валидидің басшылығымен саны шамамен 7 мың адам болатын Башқұрт-Қазақ корпусын құру ниеті туралы фактілер кездеседі. Әскери құралымы ақ гвардияшылар баспасөз беттерінде де деректер кездеседі. Қазақтармен бірге соғысып жүрген орыс офицерлері де Алашорданың қазақ әскери бөлімдерін құру жөніндегі бастамасын қолдады. Олар қазақ әскери бөлімдерінің жауынгерлік мүмкіндіктеріне көз жеткізе отырып, газет беттерінде олардың ерліктері туралы, оларды дұрыс бағаламағаны туралы айтып, қазақтардың өмірі мен салт-дәстүрлері туралы өз ойларын жазған.

«Сарыарқа» газеті де: «Алашорда құрған алғашқы Алаш полкі Жетісу майданында большевиктерге қарсы жауынгерлік іс-қимылдарды жүргізуде екені, сондай-ақ барлық ұлттың қуанышы мен мақтанышын тудыратын осы



алғашқы Алаш полкінің жауынгерлік іс-қимылдары туралы барлық Алашқа белгілі», – деп жазды.

Авторлардың бірі «Русская армия» газетінде: «Қырғыздар қорқақ емес, ұрыста тым қызба келеді, сондықтан оларды ұрысқа мәжбүрлеуден гөрі тежеу керек. Бірақ бұл қызбалық жеңілісте қорқынышқа емес қажыр-қайраты мен рухының төмендеуіне әкеледі. Бұл қасиет сабырсыз, қызба адамдардың бәріне тән. Оларға ішкі тәртіп пен жақсы басшы бер, олар таптырмас сарбаз боп шығады», – деп атап өтті.

Тіпті, газет беттерінде оларды қиялдағы кентаврлармен және Солтүстік Американың аты аңызға айналған жауынгерлерімен салыстыра отырып, дала жауынгерлерінің романтикалық бейнесін қалыптастыруға тырысады. «Русская армия»: «Жергілікті жерде күндіз де, түнде де тез бағдарлай білетін көру өткірлігі жоғары қайтпас кентаврлар, жел сияқты жеңіл, жүйрік. Қырғыз барлаушыларына тең келер ешкім жоқ. Жортуылда, көлікке шабуылдауда және тылда әрекет етуде Американың Солтүстік және Оңтүстік штаттарында болған соғыстағы Стюарттың атақты атты әскерін еске салады. Қырғыздар өте төзімді, тамақ талғамайды, ұзақ жолда шаршауды білмейді. Олардың аттары да тәулігіне жүзден астам шақырымды шауып өте алады. Қырғыздар тәртіпке тез бағынады, жолдастық сезімі мықты дамыған, олардың ширақ және жайдары мінезі жорықта да, жауынгерлік қызметте де не шеберлігін көрсетуде де маңызды мәнге ие. Бұл – әрбір жігіттің ең үздік қасиеті» [5].

Жігіт жаяу жүргенді ұнатпайды. Оған шабуылға жаяу шығу және жүгіру қиындық тудырады. Ол бұған бейімделмеген, тез шаршайды. Бірақ батыл шабуылдау, дауылдай жайпап өту – оның әрекеті. Барлауда немесе дұшпанын қудалауда оған тең келер ешкім жоқ. Жігіт әскери істі жақсы көреді. Оны білетінін мақтан тұтады. Оның арманы – нағыз сарбаз болуы үшін оған қажеттінің бәріне ие болу. Оған кавалерист сияқты әдемі нысанды киім кигіз, қару бер, болды. Ол – сіздікі. Оны кез келген ауылда құрметтейтін болады. Ол кез келген адамға нысанды киім мен қару берілмейді деп ойлайды. Әскери болу – ол үшін ерекше құрмет. Жігіттер полкке берілген қылышқа қуанды. Оларға берденке ұнамайды. Оның арманы – үш линиялы винтовка алу. Жігіт бастықты, өзінен жоғары тұрғанның барлығын қатты құрметтейді. Туа біткен мінезі – үлкенді сыйлау. Орындаушылық тәртіп туралы оған айтып керек емес. Не бұйырдың, сол орындалады». Профессор Д.А. Аманжолованың пікірінше, Алашорданың қасіреті большевизмнің идеяларын және практикасын қабылдамауында. Кеңеске қарсы әлеуметтік прогреске өз жолын іздей отырып, ол бұл лагерьден қолдау таппай, сергелденде қалды. Жатжұрттықтарға сенбеу Қазақстан аумағындағы әрекеттегі үкіметтің барлық саясатын шарпып өтті.

### *Қорытынды*

Ата-бабамыз ұлы даланы шапқыншылардан қорғап кең-байтақ жерін аманаттап ұрпағына тарту етіп кетті. Көне замандағы бабаларымыздан қанымызға біткен қайтпас қайсарлығы, отанға деген адалдығы, ерлігі әр қазақ баласының бойынан табылады және осы қасиет ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса береді.



Жалпы «Алаш» қозғалысы қазақ ұлтын азат етуді арман еткен, мұрат тұтқан үлкен саяси күш болатын. «Алаш қозғалысы» ұлт тарихынан үлкен орын алған әр қазақтың санасына ой, жүрегіне от тастайтын күш-қуаты, руханияты. Алаш қозғалысының қызметтері сан қырлы оларды мұрағаттардан тауып, ашылмаған беттерін зерделеп қажетке жарату кезек күттірмейтін міндеттердің бірі.

Осымен Алаш қозғалысының әскери тарихына шағын шолуымызды аяқтай отырып, Алашорданың мұрасы шүбәсіз болашақ ұрпақ үшін ауқымды моральдық, идеялық-адамгершілік ізгілікке толы патриотизмнің жарқын көрнісі дегім келеді. Халқына қызмет ету және моральдық қағидаттарға адал болу елім дейтін әрбір азаматтың басты ұстанымына айналса, нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Б. Абдығалиұлы «Военные формирования Алаш- Орды» (1917-1920 гг.). – Астана: Фолиант, 2017. – 415 с.
2. Д.А. Аманжолова «Казахский автономизм и Россия». – М.: «Россия молодая», 1994. – 224 с.
3. Д. А. Аманжолова «На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана», Алматы: Таймас, 2009. – 412 с.
4. Н. Мартыненко «Алаш - Орда: Сборник документов». – Алматы: Айқап, 1992. – 192 с.
5. М. Қойгелдиев «Алаш қозғалысы». – Алматы: Мектеп, 2017. – 656 б.

А.Б. Тасболатов

### **Борьба войска Алаш Ординцев за независимость Казахстана**

В этой статье автор определяет армию Алаш Орды, как основу казахских национальных вооруженных сил. Рассматриваются вопросы формирования вооруженных сил автономии Алаш Орды.

Проведен анализ взглядов интеллектуалов Алаш Орды на укрепление национального сознания казахов. В деле независимого государства оборона проявляется в необходимости вооруженных войск. Расследование посвящено изучению причин, планов военного потенциала автономии Алаш, послуживших основой для создания вооруженных формирований.

*Ключевые слова:* Алаш Орда, армия, общенациональное движение, независимость, вооруженное формирование.

А.В. Tasbulatov

### **The struggle of the Alash Orda troops for the independence of Kazakhstan**

In this article, the author defines the Alash Orda army as the basis of the Kazakh national armed forces of the Alash Orda autonomy.

The analysis of the views of the intellectuals of Alash Orda on strengthening the national consciousness of the Kazakhs is carried out. In the case of an independent State, defense manifests itself in the need for armed troops. It is devoted to the study of the causes, plans of the military potential of the Alash autonomy, which served as the basis for the creation of armed formations.



*Key words:* Alash Orda, army, national movement, independence, armed formation.

#### References

1. Abdygaliuly, B. (2017). «Voennye formirovaniya Alash-Ordy (1917-1920 gg.) [Military formations of Alash-Orda (1917-1920)]. Astana: Foliant. – 415 p.
2. Amanzholova, D. (1994). «Kazakhski avtonomizm i Rossiya» [Kazakh autonomism and Russia]. M.: «Rossiya molodaya». – 224 p.
3. Amanzholova, D. (2009). «Na izlome. Alash v etnopoliticheskoy istorii Kazakhstana» [On a break. In the ethno-political history of Kazakhstan]. Almaty: Taimas. – 412 p.
4. Martynenko, N. (1992). «Alash-Orda: Sbornik dokumentov» [Alash-Orda: collection of documents]. – Almaty: Aikar. – 192 p.
5. Kojgeldiev, M. (2017). «Alash kozgalysy» [Alash movement]. – Almaty: Mektep. – 656 p.

ҒТАХР  
03.20

Ж. Халидолда<sup>1</sup>  
С. Байсықов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы  
атындағы Ұлттық қорғаныс университеті, Нұр-Сұлтан қ. Қазақстан  
(E-mail: Jekei 1959@ mail.ru)

### Алтын Орда-Қазақ мемлекетінің алтын бесігі

Көшпенділердің құнды деректерінен тарихтың қайнар көзін іздеп зерттеу шындыққа жатады. Сондықтан бұл мақала жалпы сол бағыттағы тарихи деректерге, осы салада ғылыми зерттеулер жасаған ғалымдардың еңбегіне сүйене әзірленіп, тақырып атауы таңдалды. Мақала Алтын орда мемлекеті көшпенділердің қоғамдық құрылымдардағы табыстары тарихи дамуын зерттеу арқылы тарихи шолу жасау шындықтың пердесінің заңдылықтарын айқындауға бағыталды. Қазақстан тарихында орны зор тұлға, қазақ этносының мемлекеттік негізінің қалануына сүрлеу салған Ұлы Шыңғыс хан, Жошы хан, Баты ханның ұрпақтары туралы деректер өткен тарихмыздың өзегі екені Қазақ елінің мемлекеттік құрылуы ғасырдан ғасырға жалғасқан көшпенділердің дәуірінде өзіндік орны ерекше екеніне тарихи деректер куә болмақ. Көшпенділер Қазақ даласы, бүкіл Орта Азия, Қыпшақ даласы және Шығыс Европаны ішіне алған кең байтақта үкім жүргізген қазақ ұлт өкілі ретінде, байтақ жердің байырғы иесі болып табылуда.

*Кілт сөздер:* Алтын-Орда, хантақы, алтын ұрпақ, ақсүйек, рулар, тайпалар, ұлыс, көшпенділер.

#### *Kipicne*

Ұлы Шыңғыс хан: Тэмүжин(оған әкесі Есүгей өзі соғысып жауын жеңіп сол кезде қолына түсірген татардың атақты батыры Тэмүжиннің атын қойған). Кезінде «Аспан иесінің көмегімен мезгілді айқындаған қаһарман хан» деп көтермелеген. Ол дүниені дүрсілкіндірген заманындағы айбарлы ер, әскери білікті қолбасшы, атақты қайраткер, барлық ғаламның мыңдық дәуірінің ең






ерекше тұлғасы («Вашингтон пост» (АҚШ газеті 1000-2000 жылдағы (XX ғасырдағы) мыңдық адамдардың ішіндегі ең ірі баға жетпес тұлға) деп бағаланған (Сурет 1).



Сурет 1 - Ұлы Шыңғыс хан /1162-1227/

Ол Хиат боржигон аймағының Есүгей батырының, әйелі Өлін (қазақ ұлтының ортажүз қоңырат руы) шілденің 11 күні 1162 жылы (жылқы жылы) әкесінің 25, анасының (шешешісінің) 19 жасында, қазіргі Монғолияның Кенти (Хэнтій) аймағының Дадыл сумыны (районы) Гурваннур (Үшкөл, Бурханхалдун тауы) деген жерде дүниеге келген (Сурет 2).



Сурет 2 - Шыңғыс ханың туған жері «Бурханхалдун» тауы

Оның үлкен ұлы Жошы (Баты ханың әкесі) 1179 жылы, екінші ұлы Чагадай, 1182 жылы, үшінші ұлы Өгедей (Шыңғыс хан қайтыс болған соң оның орнына хан тақына отырып хантақын жалғастырушы) 1186 жылы, төртінші ұлы Тулуй 1193 жылы дүниеге келді. 1189 жылы «ШЫҢҒЫС ХАН» 28 жасында хантақына көтеріледі. 1190 жылы 1206 жылы Шыңғыс хан 45 жасында «Ұлы хан» ордасын құрады. 1227 жылы 25 тамызда 66 жасында Чин Сю сяның Ши Жян (қазіргі Қытай жерінде болған қала) деген жерде соғыс жорығында жүріп қайтыс болады (Шыңғыс хан өлер алдында балаларына, қолбасшыларына «Мен өлсем ол туралы хабарды жасырын сақтаңдар, хантақын үшінші ұлым Өгедей жалғастырсын» деп өсиетін қалтырады). Оның



денесін өзінің туған жеріне (Моңғолияның Хэнтий аймағы Дадал сумыны Бурханхалдун тауында) жеткізіліп жерленген деген деректер бар [1]. Бұдан кейін үстемдікті Шыңғысханның ұрпақтары жалғастырады (олар Алтын ұрпақ, Ақсүйек) деп аталды. Мұрагерлік жолымен хан болып, таққа отыруға және ел арасындағы биліктерге араласуға ерікті болды.



Сурет 3 - Шыңғысхан ұлдарының ұлыстары  
*Зерттеу әдістері*

Мақаланы жазу барысында тарихылық пен объективтілік, нақтылық және логикалық талдау секілді жалпығылымдық және арнайы зерттеу әдістері қолданылды. Әсіресе, ғылыми дәстүрлерді тарихи тұрғыдан зерделеу, оларды бағалаудың маңызды шарты болып табылады. Сонымен бірге, объективтілік қағидасы тарихи құбылыстар мен үдерістердің барлық күрделілігі мен қайшылықтарын қамтып, жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді.

### *Негізгі бөлім*

Жошы хан /1179-1224/ Шыңғысханың үлкен ұлы. Әскери атақты қолбасшы. Жошы дүниеге келер алдында Бөрте (анасы) Меркіттер (қазақ ұлты орта жүз руы) тартып алып кеткен, Шыңғысхан әйелін соғысып қайтарып алғанан кейін Жошы туылған. Жошы қайтпас мінезді тентек, адал, турашыл, шапшаң қатыгез адам болған. Ол бала кезінен әкесімен бірге ауыртпалықты бірге көтерісіп соғыстарда көптеген ерлік істерімен танылып көзге түсіп әкесінің сенімді серігі болған. Ол 1207 жылы Моңғолдың оңқанаттағы әскерін бастап Енсей жағалаған Орман елдерін әскери қолбасшылық алғырлықпен ешбір шығынсыз иеленеді. 1211-1216 жылдары Жошы хан әкесімен бірге Алтын елін, Орта Азия елдерін, 1219 жылы Азияның Хорезім елін жаулау жолында көптеген қалаларды соғыса иеленіп, 1219-1221 жылдары Чағдай, Өгедейлермен бірлесіп оңқанаттағы біріккен әскеріне қолбасшылық етіп Сартулдың Үргенч қаласын, Дешт Қыпшақ елдерін соғысып жаулап алып әріқарай Шыңғысхан әкесінің өзіне тиесілі атаған жерін иемденеді. 1225 жылы Шыңғысханның бөлісімен Жошыға тиесілі берілген өлке Жошы ұлысы деп аталды: Ертістен Урал таулары келесі жағы Чағдай елі Хорезіммен шекараласты (Шыңғысхан өзі бағындырған алып өлкені төрт ұлына бөліп: Өгедайға Орхон өзенінен батысқа қарай Тарбағатай тауларына дейінгі



жерлерді; Шағатайға Шығыс түркістан, Жетісу, Мауераннахрды; Жошыға Өгедайға қарасты жерлердің батысы мен Шағатай ұлысының солтүстік батысын берді (Сурет 3).

1225 жылдың ақпанында Шыңғысхан, Сартул елінен Моңғол жеріне қайтар жолында, Жошыны өзіне бірнеше рет шақыртсада Жошы келмейді. Шыңғысхан Жошының бұл қылығына ызаланып оны жазаламақ болады, бірақ Жошының қандай бір себепті (45 жасында /1224ж/) өлгенін естіп қатты қапаланып қайғырады. Жошы хан Қазақстанның Жезқазған ауданы киелі Ұлытауда өзен бойында жерленген (Шыңғысхан үлкен ұлына биіктігі 7,5-10 м, кеңдігі 7,3 м жерленген жерінде белгі қойып бейіт тұрғызады) [2].

Сонымен, 2019 жылдың тамыз айында Жезқазған өңірінде ұйымдастырылған «Ұлытау-2019» халықаралық туризм форумында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Шыңғыс ханның үлкен ұлы, Алтын орданың негізін қалаған Жошы хан есімін ұлытау мәселесіне ерекше тоқталып: «Оның тарихи тұлғасына әлемнің назарын аударып, кесенесін мәдени туризм нысанына айналдыру – өте маңызды міндет», деген еді. Қазақстан тарихында орны зор тұлға, қазақ этносының мемлекеттік негізінің қалануына сүрлеу салған Жошы хан туралы деректер өткен тарихымыздың өзегі екенін тарихтың куәсі іспеттес [3].

Жошының баласы Баты хан /1236-1255жж/ Европа өлкесіне жасаған /1236-1240жж/ соғыс жорығы арқасында оның құрамына Жайық жағалауындағы Болғарлар, Половция даласы /Дешт-и-Қыпшақ/, Қырым, Оңтүстік Сібіргедейінгі жерлер жалғасты. Кәсіпке байланысты: иланшы, отаршы, қырықтық. Алтын Орда мемлекетінің (хандығының) қол астында көптеген қауымдар, түрлі тайпалар болды. Қазақ даласы, бүкіл Орта Азия, Қыпшақ даласы және Шығыс Европаны ішіне алған кең байтақта үкім жүргізді. Сондықтан бұл этникалық жағынан бірыңғай болмады.

Жошыдан хантақы Батыханға ауысып Жошы ұлысы кейін «Алтын орда»(XIII-XV-ші ғасырларда осы күнгі Қазақстан топырағын қоныстанған тайпалар одағының жалпы аты, оның негізін Шыңғысханның немересі Орда Ежен салған еді). 1240 жылдары Жошы Ханның баласы Бату Хан (Баты Хан) тарапынан құрылып XV-ші ғасырдың аяғына дейін жалғасты. Ежен Хан бастапта Алтын Орданың құрамында болды. Баты хан әскердің оң қанатын, "Бұранғар" деп атап, өз қарамағына тікелей алумен қатар, сол қанатын "Жоңғар" деп атап Еженнің билігіне берген. Ертістен Алтайға дейінгі алқап және сол арада өмір сүрген елдер Орда Еженнің билігінде болды. Бірақ ол Алтын Орданың қол астында екендігін іс жүзінде мойындай қоймады, тәуелсіз саясат қолданды. Алтын-Ордаға Дунай өлкесі, Финнің бұрышы, Ертіс, Обь келесі жағы Қара, Каспи, Арал теңіздері, Балқаш көлі, арғы жағы Новгород жерлері, Солтүстік мұзды мұхитқа дейін жалғасты. Түпкілікті Орыс жері Алтын Орданың жарлығына бағынышты болды. Алтын-Орда елі XIII-ші ғасырдың ортасынан бастап Ұлы Моңғол мемлекетінің қармағынан шығып XV-ші ғасырдың аяғына дейін дербес саясат ұстанды. Оның орталығы Жайық жағалауындағы «Сарайшық» қаласы атанды. XIV-ші ғасырдың басында бұл қаланы қазіргі Волгоград қаласының маңайына көшіріп орналастырып



«Беркенің Сарайы» деп атады. «Алтын-Орда» елі соғыс жолымен қалыптасқандықтан оның құрамындағы халық әртүрлі ұлт ұлыстар болды. Онда Жайық жағалауының Болғарлар, Молдавар, Орыс, Гректер, Хорезімдіктер, ал көшпенділерден Түрік, Қыпшақ, Татар, Түркімен, Қырғыз, Моңғол т.б., көбі түрік тілділер мекендеді. Өркені салыстырмалы түрде көшпенділер ру-аймақ кейпінде жартылай феодалдық, отырықшылар феодалдық қоғам деңгейінде қалыптасқан еді. Жер, жайлым негізінде хандықтың білімінде, қалалық жерлерде қолөнері өркендеумен қатар сырттан ұсталар басқадай мамангерлер келіп көптеп міндет атқарды. Саяси құрлымы «Құрылтай» атты жиын шешім қабылдады, оны министірлер оның көмекшілері орындатады, негізгі басшылық әскери тәртіп ережелерімен іскеасырылып жүргізілді. «Алтын-Орда» құрылғанда оның жер мекені Жошының 14 баласы, ағайын туыстарының меншігінде сақталды. Алтын орданы 1265 жылдарынан Баты хан өлгеннен кейін Берке хан 1257-1266; Мөңке (Темір хан) 1266-1280; Туда Мөңке хан 1280-1287; Төлебұқа хан 1287-1291; Тоқты хан 1291-1312; Өзбек хан 1312-1342; Жәнібек хан басқарды. 1342-1357 жылдарында Алтын Орда кемеліне жетіп мейлінше күшейді. Осылай Шыңғыс ханның ұрпақтарының дәуірі жалғасты. Берке хан тұсында Ислам дініне ене бастап, Өзбек хан заманында үстемдікке айналды. Алтын Орда дәуірінде Он басы, Жүз басы, Мың басы және Түмен басы деген әскери атақтар, Оғлан, Әмір, Ароға делінген халық бастықтары болды. Оларға көмекші Бақауыл, Тоқтауыл, Жасауыл және Қазі, Мүфти, Таңбаш (Бытықшы) деген мәнсаптарда болды. XIII-ші ғасырдың соңында Баты хан балаларының арасында хантақа талас басталып 1312-1342 жж Узбек хан, 1342-1357жж Жәнібек хан кезінде саябырлап Жәнібек хан өлгеннен кейін 1357-1380жж аралығында таққа таластық кесірінен 25 хан ауысып, XIV-ші ғасырдың екінші жартысынан кейін талас-тартыстар көбейіп, ала-ауыздықтар пайда болып, бағынған елдердің тәуелсіз бола бастауымен қатар, іштеде хандар көбейе бастады. XV-ші ғасырдың 20 жылдары бөлектеніп Сібір хандығы, 40 жылдары Ноғай Ордасы, 1438 жылы Қазан хандығы, 1443 жылы Қырым хандығы, 1460 жылы Қазақ хандығы, Узбек, Астарқан хандығы құрылып Моңғолдарға қарсы соғыстар жүргізіле бастады. Алтын Орда ыдырай бастағаннан кейін мұнда Орда Еженнің ұрпақтарының билеуімен өз алдына жеке мемлекет болып құрылды. 1480 жылы «Алтын-Орда» дәуірі тәмәнданды [4].

Алтын-Орда мемлекетіне (хандығына) қарасты халықтарды «тоқсан екі баулы өзбек» (немесе қыпшақ) деп атады, ол халықтардың тізімі мынандай: 1. Мың. 2. Жүз. 3. Қырық. 4. Ұғажат. 5. Жалайыр. 6. Прай. 7. Қоңырат. 8. Алшын. 9. Найман. 10. Арғын. 11. Қыпшақ. 12. Қалмақ. 13. Фрат. 14. Қырықтық. 15. Торғауыт. 16. Бурлан. 17. Шымыршық. 18. Қатаған. 19. Кәжі. 20. Кенехас. 21. Бұйрат. 22. Ойрат. 23. Кият. 24. Бағлан. 25. Қытай. 26. Қаңлы. 27. Өзбек (өзінше). 28. Койшы. 29. Бұланшы. 30. Шабұт. 31. Жоют. 32. Селшауыт. 33. Баяуыт. 34. Отаршы. 35. Арлат. 36. Керейт. 37. Ұнғұт. 38. Маңғыт. 39. Танғұт. 40. Оймауыт. 41. Қашат. 42. Меркіт. 43. Буркат. 44. Қият. 45. Коралас, 46. Төралас. 47. Қырараб. 48. Илашы. 49. Шұбырған. 50. Қышлақ. 51. Оғлан. 52. Түрікмен. 53. Дүрмен. 54. Табут. 55. Тама. 56. Мачад. 57.

Кердері. 58. Рамадан. 59. Керей. 60. Надай. 61. Қафсана. 62. Қырғыз. 63. Ұяршы. 64. Жойрат, 65 Үйсін, 66. Жорға. 67. Баташ. 68. Қойсын. 69. Молдыз. 70. Тәбел. 71. Татар. 72. Телеу. 73. Басхал. 74. Ниан. 75. Қазған. 76. Шірін. 77. Ұнтан. 78. Құрлат. 79. Шілкас. 80. Үйкорған. 81. Тарғын. 82. Жабу. 83. Суран. 84. Тұрғак. 85. Мутиян. 86. Каска. 87. Мажар. 88. Тұшлық. 89. Шоран. 90. Шүршіт. 91. Баһршы. 92. Үйғұрат. 93. Қоңырат. Осы рулардың ішінде қазақта бары 35 ру тайпа екен.



Сурет 4 - «Алтын орда» Шыңғыс ханның ұрпақтарының дәуірі

Жоңғар мемлекеті: Жоғарыда көрсетілгендей әскердің сол қанатына берілген атау, кейін Ойрат тайпасының тіпті басқа да моңғол тайпаларының саяси құрамының атына айналды. 1635-1655 жылдарында Қон тәйжі тұсында жоңғар мемлекеті құрылды. Жоңғарлар, шабуылшылық, шапқыншылық жорықтарын басқа елдерге қарсы жүргізіп отырды. Қазақ даласында неқыйлы тарихи оқиғалар жалғасты соның біріне тоқталсақ бұл орайда 1723 жылдың көктемінде жоңғар шапқыншылары Қазақ жеріне басып кіріп жаппай қырғынға ұшыратты, мал-мүлкін талап, олжалап айдап кетті. Қыстан жұтап жаңа (эзер) шыққан бейбіт ел, ұйымдасып, жауға қарсы қорғанысқа тұра алмай, торғай-тоз болып босқан бойда Сырдарияның ар жағына өтті. Жаудан қаша босқан елдің бір бөлегі "Алқакөл" мен Самырхан, Бұхараға қарай бет алды. Бұл оқиға "Алқакөл Сұлама" деп аталды. Бір бөлек ел Сауран қаласын айнала көшті. Бұл, "Сауран Айналған" деген атпен еске алынды. Туған жерінен, ата-мекен ел-жұртынан айрылған ел, Осы қиын-қыстау өте ауыр жағдайды "Ақтабан Шұбырынды" деген тарихи атпен атады. "Елім-ай" деген зарлы әнмен:

«Қай заман мына заман, қысқан заман,  
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман.  
Шұбырғанда ізіңнен шаң борайды,  
Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман.  
Қара таудың басынан көш келеді,  
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.  
Ел-жұртынан айрылған қиын екен,

Екі көзден мөлдіреп жас келеді», - деп, күйзеле шырқаған өлең сай-сүйекті сырқырата тарихтан орын алды.



### Қорытынды

Қазақ елі естен қалмайтын бұл қорлықпен тозғындықтың кегін алу үшін жоңғар шапқыншылығына қарсы жаппай аттанды. Елдің бостандығымен тәуелсіздігін қорғау үшін Абылай ханның басшылығында 1728 жылдарында қазақтар жоңғарларға күйрете соққы беріп, келесі жылы тағы ауыр жеңіліске ұшыратып, Қазақ мемлекетін жаудан азат етті. Міне осы ұлттық соғыста Қанжығалы Қарт Бөгенбай батыр, Қарагерей Қабанбай батыр, Сыр Садақты Сағымбай батыр, Абақ Керей Жәнібек батыр сияқты батырлар аса ерлік көрсетіп, жауға тойтарыс беріп, елеулі рөл атқарғандықтан тарихтан орын алумен қатар, халық арасындағы аңызға айналды.

Қазақ елін, Алтын-Орданың жалғасы Түрік қауымының Қыпшақ тобына жататын рулар бірлестігі, кейін түрлі себептермен үш жүзге таралған немесе үш жүз құрамын топталған тайпалар одағы деп тануға болады. Қазақстан мемлекетінің тарихи дәуірі ғасырдан ғасырға жалғасқан көшпенділердің өркениетіне қосқан үлесінің арқасында түрлі ауыртпалықты қажымай талмай өткеріп мемлекетін қалыптастырған көшпенділердің өкілеті ата жер иесі қазақ этносы болып табылды.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Алтын Орда//Сардар. -2015.-№1 (26). - 5 б.
2. Ч.Алтангэрэл, том 6, 7, 8. «Дэлхийн талыг нэгэн үе эрэхшээсэн хүн» изд. Улан-батор: Соёмбо притинг, 2006. - 122 б.
3. ҚР Президенті Қ.Тоқаевтің «Ұлытау - 2019» Халықаралық туристік форумында сөйленген сөзінен. Ұлытау 24 тамыз 2019 жыл. [Электрондық ресурс] Қолданыстағы режимі: [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz). (қаралған күні: 06.11.2021).
4. Т.И.Султанов Чингиз-хан и Чингизиды. Судьба и власть. – Москва: АСТ, 2006. - 445 с.

Ж. Халидолда  
С. Байсыков

### Золотая Орда-золотая колыбель казахской государственности

В основе истины исследования лежат источники истории из ценных данных кочевников. Поэтому данная статья была разработана на основе исторических источников, трудов ученых, проводивших научные исследования в этой области. Статья посвящена исследованию исторического развития кочевников золото-ордынского государства в общественных структурах. Исторические данные свидетельствуют о том, что в истории Казахстана особое место отводится кочевникам, чье государственное образование продолжалось из века в век, как стержень нашей прошлой истории-потомков Великого Чингисхана, Джучи-хана, Баты-хана, заложивших фундамент государственной основы казахского этноса. Кочевники проводивший вердикт на просторах Казахской степи, всей Средней Азии, Кыпчакской степи и Восточной Европы, как представители казахской нации, являются коренным владельцем обширной земли.



*Ключевые слова:* Золотая орда, ставка хана, золотое наследие, аристократ, племена, улус, кочевники, история войны, Юг, сотник, тысячник, Амир, правое, среднее и левое крыло, джунгар, Курултай, могильник, земля, жайлым, данные, наследование.

J. Khaliolda  
S. Baisykov

### **The Altyn Orda witnessed the foundation of Kazakhstan**

